

Ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарын айқындау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2012 жылғы 16 шілдеде № 31 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 30 шілдеде № 4-3-177 тіркелді. Күші жойылды - Махамбет аудандық мәслихатының 2013 жылғы 08 ақпанда № 69 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Махамбет аудандық мәслихатының 2013. 02.08 № 69 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 56-бабының 1-тармағының 4) тармақшасын, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" қаулысының 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес және аудан әкімінің ұсынысына сай, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік көмек тағайындауға және төлемге құқығы бар ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттары айқындалсын:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;
2) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар ;

3) I, II-топтардағы мүгедектер;

4) жалғызбасты мүгедектер;

5) кәмелет жасқа толмаған тұл жетімдер;

6) 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар;

7) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасыларындағы зейнеткерлер ;

8) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасыларындағы " Махамбет аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің есебінде тұрған жұмыссыз азаматтар;

9) отбасының орта есеппен жан басына шаққандағы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын аз қамтылған отбасыларындағы "

Махамбет аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің есебінде тұрған жұмыссыз қайтыс болған жағдайда оларды жерлейтін тұлғалар.

2. Ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындауға және төлеуге нақты құжаттар тізбесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Аудандық мәслихаттың кезектен
тыс 5-сессиясының төрағасы *В. Розин*

Аудандық мәслихат хатшысы *А. Құрманбаев*

Аудандық мәслихаттың

2012 жылғы 16 шілдедегі № 31

"Ауданның мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарын айқындау туралы" шешіміне қосымша

Мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек тағайындауға және төлеуге нақты құжаттар тізбесі

- 1) әлеуметтік көмекке өтініш жасаған тұтынушының өтініші;
- 2) алушының жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;
- 3) алушының заңды өкілі өтініші жасаған кезде оның заңды өкіл екенін растайтын құжатпен бірге оның жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі;
- 4) алушының салық төлеуші куәлігі көшірмесі;
- 5) алушының әлеуметтік жеке код беру туралы куәлігі көшірмесі;
- 6) алушының Махамбет аудандық пошта байланыс бөлімшесінен ашылған жеке есеп-шотын растайтын кітапшасының көшірмесі;
- 7) алушының отбасы құрамын және тұрғылықты жерін растайтын селолық округ әкімдігінен берілген анықтама;
- 8) ауылдық, селолық әкімі жанындағы учаскелік комиссиямен ұсынылған отбасының әлеуметтік, материалды-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі;
- 9) осы шешімнің 1-тармағында айқындалған жеке тұлғалардың санатын анықтайтын құжат.

